

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/GLMS3361>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://orcid.org/0000-0002-3251-9718>

<https://doi.org/10.48081/HCAB5286>

### **\*З. Ш. Ерназарова<sup>1</sup>, Г. Ш. Ерназарова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Университет КИМЭП,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

<sup>2</sup> Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,

Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ КОГНИТИВТІ-СЕМАНТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ**

*Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы етістіктің етіс категориясын когнитивті семантикалық аспектіде зерттеуге арналды. Зерттеу мақсаты – етіс категориясын адам танымының нәтижесі – концепт ретінде бағалап, когнитивті моделін анықтау, пропозициялық мазмұнын фреймдік компоненттерге ажырату. Зерттеу жұмысының өзектілігі етіс категориясына тән негізгі грамматикалық мағыналар парадигма түрінде сипатталғанымен, адам танымындағы когнитивті құрылымының анықталмауынан, сонымен байланысты қолданыста туындайтын семантикалық аспектісінің терең талданбауынан көрінеді. Зерттеуде етіс когнитивті лингвистиканың менталды кеңістік теориясы, фреймдік семантика теориясы, когнитивті грамматикадағы бейнелілік теориясы тұрғысынан таным үдерісінің нәтижесі әрі құралы ретінде қарастырылды, семантикалық құрылымын сипатталды.*

*Зерттеу жұмысында компонентті талдау, сипаттау, салыстыру әдістері қолданылды. Зерттеу барысында етістің когнитивті сценарийі жүйелініп, қазақ тілі мұғалімдері арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде етіс семантикасы сөйлеу жағдаятына қатысты сөйлеуші субъектінің кеңістіктегі орнына, процеске қатысуына, процеспен байланысты аялық біліміне, субъектінің жеке көзқарасы мен мақсатына, әрекетке қатысуына тәуелді екені анықталды. Етіс сөйлеу жағдаятына қатысушы субъектілердің процеске, әрекетке қатысын жеткізетін, анықтайтын етістік категориясы болып табылады.*

*Зерттеу жұмысының нәтижелерін когнитивті семантика саласында, коммуникативті лингвистика, когнитивті грамматика саласында қолдануға болады. Сонымен қатар зерттеу қорытындылары қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың лингводидактикасында пайдаланылады.*

*Кілтті сөздер: етіс категориясы, когнитивті сценарий, субъект, объект, ментальды кеңістік, бейнелілік теориясы, фреймдік семантика.*

## **Кіріспе**

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде етіс категориясын меңгерту әртүрлі сипаттағы қиындықтарды туғызып келеді. Қиындық оқулықтарда, академиялық жинақтарда етіс түрлерінің қолданысын түсіндіретін прагматикалық шарттардың нақты көрсетілмеуінен, етіс семантикасын құрайтын мағыналық компоненттердің толық сипатталмауынан туындап отыр. Етіс категориясын когнитивті-коммуникативті бағытта зерттеу аталған мәселелерді шешуге көмектеседі деп ойлаймыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты – етіс категорияларын когнитивті лингвистикада зерттеу менталды кеңістік, грамматиканың субъективті сипаты, сөйлем мазмұнына тән бейнелілік, фреймдік семантика және концепт құрылымы теорияларын қолдана отырып, тіл иесі танымында қалыптасқан етістің когнитивті моделін – концептуалды сценарийдің құрылымын анықтау болып табылады [1].

**Зерттеу мақсаты** – етіс категориясының адам танымындағы когнитивті моделінің құрылымын анықтау, процесті концептуалдану үдерісін қалыптастыратын фреймдерді – семантикалық тірек компоненттерді талдау.

### **Зерттеу міндеттері:**

- 1) етіс категориясын зерттеген еңбектердегі ғылыми пікірлерді топтастыру;
- 2) етіс категориясын когнитивті аспектіде сипаттаудың ғылыми аппаратын анықтау;
- 3) етіс категориясының когнитивті моделін құрастыру
- 4) етіс семантикасының тірек мағыналық компоненттерін анықтау (сауалнама жүргізу);
- 5) тіс концептісін құрайтын тірек семантикалық компоненттерді анықтау.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Қазақ тіл білімінде етіс категориясын құрайтын формаларды анықтаудың, семантикалық талдаудың тарихына жасалған шолу зерттеуші ғалымдардың етістің түрлерін, грамматикалық мағына парадигмасын, сөйлемдегі қызметін жан-жақты талдағанын байқатты. А. Байтұрсыновтың етіс түрлеріне берген атауларына назар аударсақ. 1) өздік: -н 2) ырықсыз: -л; 3) ортақ: -с 4) салт

5) сабақты 6) беделді: -дыр 7) өзгелік: -ғыз 8) шығыс: -стыр 9) өсіңкі: -қыла 10) дүркінді: -ңқыра. Етістің өсіңкі [1, 237], беделді (К. Кемеңгерұлы) деп жіктелген түрлері де болған. А. Байтұрсынов анықтамаларында «бір нәрсе», «біреу», «іс», «еткен іс» деген тірек ұғымдар ғалымның етісті а ажыратуда әрекетті орындаушы субъектіні, әрекет объектісін, әрекет орын алатын сөйлеу жағдаяты мен әрекеттің бағытын негізге алғанын байқауға болады.

«Біреу», «бір нәрсе», «себепкер», «істерлік іс» деп қазіргі коммуникативті –функционалды лингвистикада «әрекет субъектісі» және «объектісі» және «әрекет бағыты» аталады.

А. Хасенова етіс жұрнақтарының жалғануымен салт етістіктер сабақты етістікке және керісінше сабақты етістік салт етістікке айналуын тарихи дамудың нәтижесі деп есептеді [2, 210-211]. Ғалым бір сөзге бірнеше өзгелік етіс жұрнақтарының тіркесуін тарихи аспектіде сөзжасам әдісі ретінде қарауды ұсынды.

А. Ысқақов етіс жұрнақтарының тіркесуімен етістіктің сөйлемдегі қызметі, сөйлем ішіндегі синтаксистік байланыс түрлерінің өзгеретінін айтады [4, 296]. С.Исаев етістің грамматикалық категория құрайтын парадигмалық сипатын ашып түсіндіреді [5, 271]. Алайда етіс етістіктің лексикалық мағынасын өзгертпейді. Сондықтан да ол – «түбір етістіктен туатын грамматикалық форма. Яғни, етіс формалары – өзі жалғанған түбір етістікпен коррелятивті түрде өмір сүретін және екеуінің лексикалық мағынасы бір болып табылатын етістіктер», – дейді Ы. Маманов [6, 36].

Етіске қатысты құрылымдық грамматикада ұсынылған жіктелімдер, олардың атаулары етіс категориясының тілдегі қызметі сөйлеу жағдаятымен, сөйлеуші адамның танымы және сөйлеу мақсатымен анықталатынын байқатады. Бұл етістің сөйлеу жағдаятына сезімтал, икемді екенін көрсетеді. Яғни, сөйлеуші үшін не маңызды – әрекеттің иесін атау ма, әлде әрекет объектісін атау ма, соған қарай тіл де керекті грамматикалық тұлғаларды ұсынады.

Етіс категориясының семантикасын когнитивті грамматикада қалыптасқан теориялар бойынша талдап көрсек. Когнитивті грамматикада Ж. Фоконьенің ментальды кеңістік теориясы тілдік бірліктердің қызметін адам танымымен байланыстырады.

Сөйлем мазмұны сөздердің мағыналарынан ғана емес, сыртқы ақпараттардың да қатысуымен құралатынын түсіндіру үшін Ж. Фоконье менталды кеңістік ұғымын енгізді [7, 137]. Адам танымында болып жатқан үдерістерді көру, бақылау мүмкін емес. Ал ментальды кеңістік ұғымы шартты түрде сөйлем мазмұнын түсінуге, қабылдауға керекті білім қорын, сөйлеу шарттарын тануға, мағыналық байланыс түрлерін модельдеуге мүмкіндік береді. Менталды кеңістік теориясы тілдік бірліктерді сөйлеу жағдаятымен байланыста қарастырады. Сөйлем мазмұны оны құрайтын сөздер мен

грамматикалық категориялардың мағынасынан ғана құралмайды. Ол белгілі бір объективті шындық туралы берілетін ақпарат –пропозициядан тұрады. Пропозицияда сөйлеуші адамның аялық білімі, жеке көзқарасы, ақпаратқа қарым-қатынасы беріледі.

Ментальды кеңістік теориясы Р. Лангаккердің когнитивті грамматика теорияларында әрі қарай дамыды [8,7]. Р. Лангаккер сөйлем мазмұнына субъективтілік тән деп есептейді. Сөйлем семантикасы объективті пропозицияны ғана бейнелемейді, тілді қолданушы адамның сөйлеу жағдаяты туралы ойын, пайымдауын, сезімін де жеткізеді. Бір ғана объективті шындықты әр адам танымы әртүрлі сөйлем түрінде жеткізуі мүмкін.

Бір сөйлеу жағдаяты әр адамның танымында әртүрлі менталды кеңістігі құрауы мүмкін. Оны Р. Лангаккер бейнелілік деп атайды. Сөйлем құрылымын анықтайтын – сөйлеуші субъектінің танымы [8, 41]. Мысалы, «Мектепке бару» сөйлеу жағдаятына қатысқан әртүрлі қатысушының менталды кеңістігін қарастырып көрейік. Бала таңертең мектепке барады. Бүгін оның мектепке барғысы келмеді. Анасы оны ұйқыдан оятып, «*Ұйқыдан қазір тұрмасаң, сабақтан қаласаң*», – деуі мүмкін. Сөйтіп бала анасының ықпалымен мектепке барды. Баланың атасы сырттан осы жағдайды бақылап отырды. Ол бала туралы «*Немерем бүгін ерте тұрды*» дейді. Өйткені ол баланың қалай мектепке барғанын білмейді. Оның менталды кеңістігінде баланың мектепке бара жатқаны туралы ақпарат бар. Ал баланы анасы оятқанын білетін әкесі «*Баламды мектепке бүгін анасы тұрғызды*» деуі мүмкін. Өйткені бала анасының күштеуімен ұйқыдан тұрды. Бала өзі туралы «*Мен бүгін ұйқыдан тез тұрған жоқпын. Анам таңертең ұйқыдан тұрғызды*» деуі мүмкін. Ол өзінің мектепке барғанын нәтиже ретінде бағалайды. Сонда оқушының бір әрекеті (ұйқыдан тұру) осы сөйлеу жағдаятына әртүрлі кезеңде, әртүрлі ұзақтықта қатысқан немесе бақылаған адам танымында әртүрлі құрылымдағы менталды кеңістікті қалыптастырады. Әрекеттің өту барысын толық бақылап отырған адам әрекет иесін, әрекеттің нысанын атайды. Өйткені ол әрекеттің қалай өткенін біледі, оны баяндай алады. Әрекеттің қалай басталғанын білмейтін, әрекеттің өту үдерісін ғана көрген адам әрекет иесін атайды. Өйткені ол үшін әрекетті атау емес, оның иесін атау жеткілікті. Бұдан артық ақпаратты бақылаушы бере де алмайды. Ал әрекеттің нәтижесін көрген адам оны орындаушыны емес, әрекет нәтижесін – объектіні және онымен байланысты орын алған әрекетті ғана айтып, өзінің жеке пікірі тұрғысынан бағалауы мүмкін. Тілдің грамматикалық құрылымында сөйлеушінің осы қажеттілігін жеткізетін категориялар қалыптасқан. Қарастырылып отырған жағдайда – бұл – етіс категориясы. Етістің қолданысымен сөйлем мазмұнында әрекет субъектісі мен объектісі тең дәрежеде (агенса, пациенс) берілмейді, бірі-бірінен артық беріледі [9, 829].

Бір объективті шындықтың әртүрлі синтаксистік құрылымдармен берілуін Р. Лангаккер сөйлеушінің бағдары, кеңістіктегі орны, объективті шындықты тұтас көре алуына байланысты деген қорытынды жасайды. Сөйлеушінің кеңістіктегі орны, қызметі, сөйлеу мақсаты сөйлемде берілетін ақпараттың жеткіліктілігін анықтайды.

Сөйлем пропозициясын Ч. Филлмордың фреймдік семантикалық теориясының негізінде талдау етістің танымда қалыптасқан когнитивті сценарийін модельдеуге көмектеседі [10, 52].

Н. Болдырев, А. Плотнокова когнитивті сценарий деп қайталанып отыратын сөйлеу жағдаятының қозғалыстағы болмысын менталды деңгейде құрылымдар түрінде модельдеуді атайды [11, 101; 12,20].

Етістің когнитивті сценарийін талдау мына бағытта жүргізілді:

- етіс түрлері қолданылатын типтік сөйлем құрылымдарын анықтау;
- когнитивті сценарийді қалыптастырушы негізгі сөзді – етісті анықтау
- етіс қолданылатын типтік сөйлеу жағдаятын талдау: процесі орындаушылар, әрекеттің орындалу сипаты (уәждемелік – күштеу, еркін-сипаты), сөйлеу жағдаятына қатысқан субъектілердің процеске қатысы (бақылаушы, орындаушы, орындатушы)

#### **Нәтиже және талқылау**

Етіс категориясының типтік когнитивті сценарийі бейнелейтін танымдағы ментальды кеңістік мына компоненттерден құралады деп болжанды:

1 Әрекетті орындаушы адам бар. Ол әрекетті өзі орындайды. Әрекет адамның өзіне бағытталады.

2 Әрекетті орындауға екінші бір адам түрткі, қозғаушы болу мүмкін. Бұл жағдайда әрекетті орындаушы біреудің үкімін орындаушы, біреуге бағынушы позицияда болады.

3 Әрекет орындауға бірнеше адам қатысуы мүмкін. Олар әрекетті тең орындауы мүмкін немесе бір адам жетекші болады, ал қалған қатысушы әрекетті орындауға әртүрлі деңгейде қатысуы мүмкін.

4 Әрекетті нысанын атау маңызды. Әрекет орындаушы емес, оның нәтижесіне назар аударылуы мүмкін. Әрекет орындаушыны атамау әртүрлі қажеттіліктен (бейтарап көзқарасты жеткізу үшін, жауапкершілік алмау үшін, нәтижені хабарлау үшін) айтылуы мүмкін.

Кесте 1

1.Әрекетті орындаушы субъекті		Субъектінің әрекетті орындау сипаты		Әрекетке қатысушы өзге субъектілер		Сөйлеуші субъектінің әрекетті көзқарасы	
Тура	Жанама	еркін	күштеу	орындаушы бір адам	орындаушы бірнеше адам	жағымды	бейтарап

Сауалнамада сөйлем мазмұнын құраушы семантикалық компоненттер болжам түрінде алдын ала ұсынылып, қатысушылардан сөйлем мазмұнына сай келетін мағыналық компонентті белгілеу сұралды. Сауалнама ырықсыз етіс, өзгелік тесі, ортақ етіс бойынша құрастырылды. Ал өздік етіс етістіктің барлық лексика-семантикалық топтарына тіркесе бермейтіндігін және оның субъектінің жеке басына бағытталған әрекеттерді (жуынды, киінді, таранды) атайтыны мойындалған пікір екенін ескердік. Сауалнамаға 14 қазақ тілі мұғалімі қатысты.

( [https://docs.google.com/13/d/15NDpfv\\_fKyTAtYSJ30jV4WzwA6A0pFFD4DUpc\\_yDpYY/edit?usp=sharing](https://docs.google.com/13/d/15NDpfv_fKyTAtYSJ30jV4WzwA6A0pFFD4DUpc_yDpYY/edit?usp=sharing)).

Кесте 2




Ортақ етіс когнитивті сценарийі грамматикада қалыптасқан бір әрекетті екі адамның ортақ орындауы деген анықтаманың бір жақтылығын көрсетіп отыр. Танымда жинақталған білім қоры ортақ етіс формасының бір әрекетті орындауға екінші адамның қатысқанын білдіру үшін қолданылатынын көрсетіп отыр. Ортақ етістің когнитивті сценарийі: әрекетті бір субъект орындайды. Оны орындауға екінші адам қатысуы мүмкін. Ол процеске




басынан, ортасынан немесе соңынан қатысуы мүмкін. Ортақ етіс жұрнағы басқа субъектілердің процеске қатысуын уақыт жағынан жіктеп көрсетпейді, әрекеттің бірнеше субъектінің қатысуымен орындалғанын белгілейді.

### Кесте 3



Ырықсыз етіс формалары процесті объектіге бағыттайды. Ырықсыз етістің когнитивті сценарийі объектіге назар аудару, нәтижені көрсету, баяндаушыны міндеттерден, жауапкершіліктен босату, әрекет объектісінің маңызын арттыру, әрекет иесі субъектіге қатысты бейтарап көзқарасын немесе жағымсыз көзқарасын жеткізу компоненттерінен тұрады. Сауалнама қазақ тілі иелері танымында әрекетті объектіге бағыттау семалық компонентінен гөрі әрекеттің нәтижесін хабарлау компонентінің басымдығын көрсетіп отыр. Ал сөйлеушінің ақпаратқа қатысты әртүрлі қатынасын (жағымды, бейтарап, жағымсыз) білдіру компоненті негізгі қызметке ие. Бұл сөйлеушінің ақпаратты тек хабарлаушы, алайда оны сезімдік деңгейде қабылдағысы келмейтінін, өзін қорғайтынын байқатады.

## Кесте 4 – Өзгелік етіс



Өзгелік етістің когнитивті сценарийінде әрекетті орындауға бірнеше субъект қатысады. Оның когнитивті моделінде әрекетті күштеу, міндеттеу арқылы орындату семантикалық компоненті тірек компонент болып табылады. Сөйлем семантикасындағы мағыналық компоненттердің арақатысы өзгелік етіс формасына қарай емес әрекет бағытталған субъектінің сипатына қарай өзгеріп отыр. Егер әрекет сөйлеушінің өзіне бағытталса, күштеу семасы күшейеді (Әкем маған шөп шапқызды. Әкем ініме шөп шапқызды). Егер әрекет екінші субъект арқылы 3-субъектіге бағытталса, күштеу семасы әлсірейді (Әкем ініме шөп шаптыртты).

### Қорытынды

Етіс түрлері адам танымында әрекетке қатысушы субъектілерді атау, әрекеттің өтуін субъектілердің қатысуы тұрғысынан сипаттау, әрекетке сөйлеушінің әртүрлі көзқарасын жеткізу үшін қызмет етеді. Етіс категориясы танымда шынайы өмірде орын алған процесті орындаушы субъект, өзге субъектілердің процеске қатысуы, сөйлеушінің процеске қатысты көзқарасы тұрғысынан анықтауға, талдауға көмектеседі. Етістің когнитивті моделі пәндік фреймнен – процестің әрекет субъектісіне бағытталуы (өзім/өзге), бағалауыштық фреймнен (ырықсыз етіс), әрекетті идентификациялау фреймінен (жеке/топтық), салыстыру фреймінен (еркін, салыстыру) құралған. Зерттеу барысында бір мәселе ерекше назар аударды – етіс концептісінің фреймдік құрылымы мен қазақ тіл білімінде қалыптасқан етіс түрлерінің бір-бірімен толық сәйкес келеді: пәндік фрейм (өздік етіс), идентификациялық

фрейм (ортақ етіс), бағалауыштық фрейм ырықсыз етіс, салыстыру фреймі (өзгелік етіс).

Қорыта келгенде етістің когнитивті-семантикалық құрылымында екі мағыналық компонент – әрекеттің субъектімен байланысын белгілеу және сөйлеушінің процеске қатынасын жеткізу семантикалық тірек компоненттер болып табылады.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 Краткий словарь когнитивных терминов/ Под общей редакцией Е. С. Кубряковой. – М. : МГУ.-2005. – 225 с.

2 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 444 б.

3 **Хасенова, А.** Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Павлодар : Кереку, 2010. – 213-225 б.

4 **Ысқақов, А.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 384 б.

5 **Исаев, С. М.** Қазіргі қазақ тілі. Монография. – Алматы : Өнер, 2007. – 332 б.

6 **Маманов, И.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : Арыс, 2007. – 38–39 б.

7 **Бакиев, А. Г.** Ментальное пространство Ж. Фоконье и М. Тернера: к постановке проблемы // Современная наука: актуальные проблемы и пути их решения. – Липецк, 2014. – № 7. – 137–140 б.

8 **Лангаккер, Р.** Когнитивная грамматика. ИНИОН АН СССР, 1992. (Сер. Актуальные проблемы прикладного языкознания). – 54 б.

9 **Жұбаева, О. С.** Етіс грамматикалық концепті: когнитивті аспект // Хабаршы. Филология сериясы. – №3 (167). – 2017. – 105–113 б.

10 **Филлмор, Ч.** Фреймы и семантика понимания:// Новое в зарубежной лингвистике: Когнитивные аспекты языка. – М., 1988. – Вып. XXIII. – 52–92 б.

11 **Болдырев, Н. Н.** Когнитивная семантика глагола: сборник статей. – М.-Берлин : ДиректМедиа, 2016. – 222 б.

12 **Плотникова А. М.** Когнитивное моделирование семантики глагола. автореф. ... докт. фил. наук : 10.02.20. – Екатеринбург, 2005. – 25 с.

### References

1 Kratkii slovar kognitivnykh terminov/ Pod obshchei redaktsiei E.S. Kubriakovoi [Brief Dictionary of Cognitive Terms. Edited by E.S. Kubryakova]. – Moscow : MGU, 2005. – 225 p.

2 **Baitürsynov, A.** Til tagylymy. [Language lessons]. – Almaty : Ana tili, 1992. – 444 p.

3 **Qalybaeva -Hasenova, A.** Etistiktin lexika-grammatikalyk sipaty. [Lexico-grammatical nature of the verb]. – Pavlodar : Kereku, 2010. – 213–225 p.

4 **Ysqaqov A.** Qazirgi qazaq tili. [Modern Kazakh language]. – Almaty : Ana tili 1991. – 384 p.

5 **Isaev, S. M.** Qazirgi qazaq tili. Monografiya [Modern Kazakh language]. – Almaty : Öner, 2007. – 332 p.

6 **Mamanov, I.** Qazaq til biliminin maseleleri. [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty : Arys, 2007. – 38–39 p.

7 **Bakiev, A. G.** Mentalnoe prostranstvo J. Fokone i M. Ternera : k postanovke problemy. [Mental space of J. Foconier and M. Turner: to the staging of the problem.]. – Sovremennaya nauka: aktualnye problemy i puti ih resheniya. – Lipesk, 2014. – № 7. – p. 137–140.

8 **Langakker, R.** Kognitivnaya grammatika. [Cognitive grammar] – Aktualnye problemy prikladnogo yazykoznaniya. İNİON AN USSR, 1992. – p. 54.

9 **Jubaeva O. S.** Etis grammatikalyq konsepti: kognitivti aspekt [The grammatical concept of the verb: the cognitive aspect]. – Habarshy : Filologiya seriyasy. – № 3 (167). 2017. – p. 105–113.

10 **Fillmor, Ch.** Freimy i semantika ponimaniya [Frames and semantics of understanding] – Nove v zarubejnoi lingvistike : Kognitivnye aspekty yazyka. – Moscow, XXIII., 1988. – p. 52–92.

11 **Boldyrev, N. N.** Kognitivnaya semantika glagola: sbornik statei. [Cognitive semantics of the verb: a collection of articles] – M.-Berlin : DirektMedia, 2016. – 222 p.

12 **Plotnikova, A. M.** Kognitivnoe modelirovanie semantiki glagola [Cognitive modeling of verb semantics] avtoref. ... dokt. fil. nauk : 10.02.20. [text]. – Yekaterinburg, 2005. – p. 25

Материал 08.09.21 баспаға түсті.

\*З. Ш. Ерназарова<sup>1</sup>, Г. Ш. Ерназарова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Университет КИМЭП,

Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>2</sup>Кызылординский университет имени Коркут Ата,

Республика Казахстан, г. Кызылорда.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

## **КОГНИТИВНО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ КАТЕГОРИИ ГЛАГОЛЬНОГО ЗАЛОГА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

*Предлагаемая исследовательская работа посвящена изучению категории залога глагола в когнитивно-семантическом аспекте. Цель исследования – оценить категорию залога глагола как результат познания человека – как концепт, установить и обосновать статус когнитивного сценария как основной когнитивной модели категории залога глагола и показать закономерности организации когнитивных сценариев. Актуальность исследования определяется в первую очередь важностью для современного языкознания изучения значений грамматических категорий, формируемых на основе когнитивных принципов.*

*В исследовании использовались методы компонентного анализа, описания и сравнения. В ходе исследования был систематизирован когнитивный сценарий категорий залога глагола и проведен опрос учителей казахского языка. В результате исследования было обнаружено, что типы грамматических значений категорий залога глагола, принятые в структурной грамматике, не полностью соответствуют существующей функции. Выяснилось, что семантика залога зависит от положения говорящего в пространстве, участия в процессе, фоновых знаний, связанных с процессом, личных взглядов и целей, отношения к действию. Категория залога глагола – это вербальная категория, которая передает и определяет участие субъектов, вовлеченных в ситуацию речи и в процесс действия.*

*Результаты исследования могут быть использованы в области когнитивной семантики, коммуникативной лингвистики и когнитивной грамматики. При этом результаты исследования также используются в лингводидактике обучения казахскому языку как второму.*

*Ключевые слова: категория залога глагола, когнитивный сценарий, субъект, объект, ментальное пространство, теория образа, фреймовая семантика.*

*\*Z. Sh. Yernazarova<sup>1</sup>, G. Sh. Yernazarova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>KIMEP University.

Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>2</sup>Qorqyt Ata University,

Republic of Kazakhstan, Kyzylorda.

Material received on 08.09.21.

## **COGNITIVE-SEMANTIC ASPECT OF THE CATEGORY OF THE VERB VOICE IN THE KAZAKH LANGUAGE**

*The proposed research work is devoted to the study of the voice category of verbs in the cognitive semantic aspect. The purpose of the study is to assess the voice category of verbs as a result of human cognition – as a concept, to determine the cognitive model, to distinguish the propositional content into frame components.*

*Methods of component analysis, description, and comparison were used in the research. In the course of the research, the cognitive scenario of the verb voice was systematized and a survey was conducted among teachers of the Kazakh language. In the survey, participants were asked to analyze the semantic components that make up the cognitive scenario of the verb voice according to the content of the sentence. It was found that the semantics of the verb voice depends on the position of the speaker in space, participation in the process, background knowledge related to the process, the subject's personal views and goals, attitudes to the action. A verb voice is a verbal category that conveys and determines the participation of the subjects involved in the situation of speech and in the process of action.*

*The results of the research can be used in the field of cognitive semantics, communicative linguistics, and cognitive grammar. At the same time the results of the study are also used in the linguo-didactics of teaching the Kazakh language as a second language.*

*Keywords: verb voice category, cognitive script, subject, object, mental space, image theory, frame component.*

Теруге 08.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 28.09.2021 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
1,21 Mb RAM  
Шартты баспа табағы 8,86. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Байниқенова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Тапсырыс № 3818

Сдано в набор 08.09.2021 г. Подписано в печать 28.09.2021 г.  
Электронное издание  
1,21 Mb RAM  
Усл. печ. л. 8,86. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Байниқенова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Заказ № 3818

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz